

Қазақстан Республикасының Президенті белгілеген стипендияларды тағайындау ережесін бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 07 сәуірдегі № 136 Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2011 жылы 03 мамырда № 6936 тіркелді.

Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасы Президентінің стипендиясын тағайындау туралы" 1993 жылғы 5 наурыздағы № 1134 қаулысының бетармағын орындау үшін **БҰЙЫРАМЫН**:

1. Қоса беріліп отырган Қазақстан Республикасының Президенті белгілеген стипендияларды тағайындау ережесін бекітілсін.

2. "Қазақстан Республикасының Президенті белгілеген стипендияларды тағайындау ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрі міндептін атқарушының 2005 жылғы 4 мамырдағы № 281 бұйрығының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3668 тіркелген, "Зан газетінің" 2005 жылғы 14 қазандағы № 190-191 (924-925) жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

3. Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім департаменті (С.М. Өмірбаев):

1) осы бұйрықты белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді қамтамасыз етсін;

2) мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін осы бұйрықты бұқаралық ақпарат қуралдарында жарияласын.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау вице-министр М.К. Орынхановқа жүктелсін.

5. Осы бұйрық алғаш рет ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Министр

Б. Жұмагұлов

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
2011 жылғы 7 сәуірдегі
№ 136 бұйрығымен
бекітілген

Қазақстан Республикасының Президенті белгілеген стипендияларды тағайындау ережесі

Ескерту. Ереже жаңа редакцияда – ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің 20.02.2024 № 69 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Осы Қазақстан Республикасының Президенті белгілеген стипендияларды тағайындау ережесі (бұдан әрі – Ереже) Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасы Президентінің стипендиясын тағайындау туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1993 жылғы 5 наурыздағы № 1134 қаулысының (бұдан әрі – Президент қаулысы) 6-тармағына сәйкес өзірленген және Қазақстан Республикасының Президенті белгілеген стипендияларды (бұдан әрі – стипендия) меншік нысаны мен ведомствоның бағыныстырығына қарамастан жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының (бұдан әрі – ЖЖОКБҰ) студенттері мен магистранттарына тағайындау тәртібін айқындайды.

2. Стипендия:

- 1) студенттер мен магистранттардың ғылыми-зерттеу және оқу-танымдық қызметін ынталандыруға;
- 2) анағұрлым талантты және дарынды студенттер мен магистранттарды қолдауға;
- 3) интеллектуалды әлеуетін қалыптастыруға ықпал етуге бағытталған.

3. ЖЖОКБҰ меншік нысанына және ведомствоның бағыныстырығына қарамастан ағымдағы жылғы 25 қаңтарға дейін өздері қарауындағы мемлекеттік органдарға стипендияға қажеттілікті жібереді.

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі (бұдан әрі – Министрлік) Президент қаулысының 4-тармағына сәйкес мемлекеттік органдар мен меншік нысанына және ведомствоның бағыныстырығына қарамастан ЖЖОКБҰ арасында ағымдағы жылғы 30 наурызға дейін стипендияны бөледі.

4. Стипендия санын ЖЖОКБҰ арасында бөлу Қазақстан Республикасының ЖЖОКБҰ-дағы күндізгі оқу нысаны бойынша студенттер мен магистранттар контингентіне сәйкес жүзеге асырылады.

5. Күндізгі оқыту нысаны бойынша студенттер мен магистранттар контингенті кемінде 700 адам болатын ЖЖОКБҰ-ларға стипендия бөлу жүзеге асырылмайды.

6. Стипендия күндізгі оқу нысаны бойынша оқытын студенттерге 3-курстан бастап, магистранттарға – екінші оқу жылынан бастап мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша және ақылы негізде тек "өте жақсы" (A, A-) оқытын студенттерге және магистранттарға беріледі.

7. Стипендия студенттер мен магистранттардың мынадай санаттарына тағайындалады:

1) респубикалық және халықаралық олимпиадалардың, шығармашылық конкурстардың, спорттық жарыстардың, фестивальдардың жеңімпаздары немесе жаңағылтар, өнертабыстар авторлары;

2) ғылыми еңбек жинақтарында, респубикалық және халықаралық ғылыми журналдарда жарияланымдары бар;

3) табыстары дипломдармен, грамоталармен, сертификаттармен, куәліктермен расталған ғылыми-зерттеу жұмыстарымен белсенді айналысатындар;

4) ЖЖОКБҰ-ның қоғамдық, мәдени және спорттық өміріне белсене араласатындар.

8. Стипендия ғылыми кеңестің шешімі негізінде ЖЖОКБҰ ректорының бұйрығымен жүзеге асырылады.

9. Стипендия бір академиялық кезеңге тағайындалады.

10. Стипендия ЖЖОКБҰ-ның ғылыми кеңесінің шешіміне сәйкес бір тұлғага бірнеше рет берілуі мүмкін.

11. Кезекті академиялық кезеңге стипендияларды тағайындау жөніндегі ЖЖОКБҰ ғылыми кеңесінің шешімі академиялық кезең басталғанға дейін екі аптадан кешіктірілмей қабылданып, Министрлікке магистранттар мен студенттердің тізімімен жіберілуі тиіс.

12. Стипендияларды тағайындау кезінде үміткерлерді іріктеу осы Ереженің 6 және 7-тармақтарында жазылған өлшемдер тәртібінде жүзеге асырылады.

Тең жағдайда басымдық:

жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға;

бала кезінен мүгедектігі бар адамдарға, мүгедектігі бар балаларға беріледі.

13. ЖЖОКБҰ-да стипендияны тағайындауға үміткер болмаған жағдайда осы Ереженің 6 және 7-тармақтарына сәйкес жоғары оқу орындары белгілі стипендиялардың санынан бас тарту туралы ақпаратты академиялық кезең басталғанға дейін екі апта бүрүн ғылым және жоғары білім саласындағы уәкілетті органға ұсынады

14. Стипендияларды төлеу тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджетте көзделген қаражаттар шегінде ай сайын жүргізіледі.